



# ТӨЛЕБИ ТҮЙ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№14 (8774) Жұма, 11 сәуір 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: [tolebi\\_tuy@mail.ru](mailto:tolebi_tuy@mail.ru)

Сейсенбі күні аудан әкімі Е.Әлімқұлов Алатау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында Еркеғали Амантайұлы аудандағы оң өзгерістер мен алда атқарылатын

қамтамасыз етілді. Жаңатұрмыс елді мекенінің ауыз су жүйелері ағымдағы жөндеуден, Таш каналының 0,8 шақырымы механикалық тазалаудан өтті. Біркөлік

## Аудан басшысы халықпен кездесуде



ауқымды бас-тамалар туралы баяндап, ауылдардың әлеуметтік жағдайы мен халықтың тұрмыстық әл-ауқатын көтеру басты назарда екенін айтты. Сонымен қатар Алатау ауылдық округінде атқарылған жұмыстар мен даму жоспарымен таныстырды.

Өткен жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «Самұрық-Қазына» АҚ есебінен Қосағаш елді мекенінде сметалық құны 3,4 млрд теңгені құрайтын 300 орындық мектеп құрылысы басталды. Қазіргі уақытта аталған ғимараттың сыртқы инженерлік-коммуникация жүйелерінің құрылысы атқарылуда. Жайлы мектепті ағымдағы жылы пайдалануға беру жоспарланған.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Қосағаш елді мекені Қ.Сәтбаев көшесінің 0,3 шақырым жолы жөндеуден өтті. Қайнар елді мекеніндегі жаңа массивке инженерлік-коммуникация жүйелері жүргізіліп, табиғи газбен қамту жұмыстары аяқталды. Екпінді-Қорған жолының 2,5 шақырымы, Жаңатұрмыс елді мекеніндегі П.Нұранқұлов көшесінің 2,2 шақырымы түнгі жарықпен

елді мекенінде 100 орындық негізгі мектеп құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 7 млн теңге бөлінді. Екпінді елді мекенінің 4 көшесіне ауыз су құбырын тарту жұмыстарын бастауға қаржы қаралды.

Қайнар-Шатыртобе елді мекеніне келетін Тамшылы бұлағынан 6 шақырым құбыр тартып, санитарлық аймағын қоршау жұмыстарына қаржы бөлінді.

Біркөлік елді мекенінде орналасқан туристік-рекреациялық аймақ (757 га) үшін топотүсірілім әзірленді.

Кездесуде тұрғындар көкейлерінде жүрген бірқатар өзекті мәселені көтерді. Біркөлік елді мекенінде мектеп салу, жол белгілерін орнату туралы өтініштері мен көше бойларындағы су құбырларының жарылуына қатысты шағымдарын жеткізді. Жайылымдық жер, интернет, жолдарды жөндеу, рекреациялық аймақтар жөнінде сұрақтарын қойды.

Аудан басшысы сұрақтарға жауап беріп, халықтың ұсыныс-пікірлерін, талап-тілектері мен өтініштерін назарға алды. Алдағы уақытта көтерілген мәселелерді кезең-кезеңімен шешу жолдары қарастырылатынын, аймақты дамыту бағытындағы жұмыстар тұрақты жалғасатынын, бұл істе жергілікті әкімдік пен тұрғындар да белсенділік танытуы керектігін жеткізді.

Аудан әкімінің алатаулық тұрғындармен кездесуі жеке қабылдауға ұласты. Қабылдауда айтылған өтініштер, арыз-шағымдар хаттамаға енгізіліп, бақылауға алынды.

\*\*\*

Аудан әкімінің халықпен кездесуі Бірінші Мамыр ауылдық округінде жалғасты. Бірінші Мамыр ауылдық мәдениет үйінде өткен басқосуда аудан басшысы аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен 2025 жылға жоспарланған жобалар туралы баяндап, Бірінші Мамыр ауылдық округінде атқарылатын жұмыстармен таныстырды.

2024 жылы ауылдық округтегі 7 әлеуметтік нысанға 55 млн теңге

елді мекенінің қиылысына бағдаршам орнатылды.

Ынтымақ елді мекеніндегі орталық көше жарықтандырылды. Алғабас елді мекенінің ауыз су жүйесін ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстары басталды. Зағамбар елді мекеніне суағар орнатылып, Бірінші Мамыр және Алғабас елді мекендерінің бас жоспарына өзгерту енгізілуде. Атбұлақ каналының 3 шақырымы механикалық тазалаудан өтті.

2025 жылы 19 жобаға 783 млн

етті. Бірінші Мамыр елді мекеніндегі ауыз су жүйесіне қатысты сұрақтар қойылып, трансформатор орнату, ауыз су құдығының ашық қалуына қатысты шағымдарын айтты. Жол, көше бойына түнгі жарықтандыру, арнайы қоршаулар орнату мәселесін көтерді. Көшеттерді суғару жүйесін реттеу, «Жеңіс» саябағын салуға көмек сұрады.

Кездесуден кейін аудан әкімі Еркеғали Амантайұлы тұрғындарды жеке қабылдап, өтініштерін тыңдады. Мәселелер бақылауға алынды.

Айта кетерлігі, аудан әкімінің тұрғындарымен кездесулері барлық ауылдық округте жалғасын табады. Жеке қабылдауға «eOtinish» бірыңғай базасы арқылы немесе аудандық әкімшілік және

құжаттандыруды қамтамасыз ету бөліміне келіп, жазбаша өтініш тастау арқылы жазылуға болады.

**Төлеби ауданы әкімінің баспасөз қызметі.**



қаржы қарастырылып, жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Бірінші Мамыр елді мекеніндегі М.Әуезов көшесіне электр желісі тартылып, трансформатор орнатылды. Бірінші Мамыр елді мекені мен Алғабас

теңге қаралды. Кездесуде округ тұрғындарының ұсыныс-тілектері тыңдалды. Округ тұрғындары Жаңажол елді мекеніне ауыз су жеткізу, тұрғын үй құрылысына арналған жерге инфрақұрылым тарту, мазаратқа арнайы жер бөлу мәселесін сөз

## Әкімнің орынбасары тағайындалды

Аудан әкімі Е.Әлімқұловтың өкімімен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР Заңы 28-бабының 1 және 30-бабының 1-тармағына сәйкес **Бауыржан ҚАЙРАТҰЛЫ** 2025 жылғы 1 сәуірде Төлеби ауданы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды.



Ол 1991 жылы 13 сәуірде Шымкент қаласында дүниеге келген. Ұлты қазақ, білімі жоғары. 2013 жылы АҚШ-тағы Пердю университетін, 2015 жылы Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетін статистика, мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2014 жылы маусымда ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Бюджет саясаты департаменті бас сарапшысының міндетін атқарушы болып бастаған. 2015-2016 жылдары Шымкент қаласындағы «Дара жылу қуаты» ЖШС-ның экономисті, 2016-2021 жылдары ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Стратегиялық әзірлеу және халықаралық бағдарламалар департаментінің бас сарапшысы, бас консультанты, 2021 жылдың қаңтарынан 2025 жылдың 30 наурызына дейін Астана қаласы Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін атқарған.

Ол аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы, жер қатынастары бөлімдерінің қызметін үйлестіретін болады.

«AMANAT» партиясы Орталық аппаратының келісімімен, партияның Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиевтің бұйрығымен осы ұйымның Төлеби аудандық филиалының атқарушы хатшысы қызметіне **Шырынбек Сусынұлы ОҢҒАРОВ** тағайындалды. Жаңадан тағайындалған партия өкілін аудан активіне «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрсынбаев таныстырды.

Оңғаров Шырынбек Сусынұлы – отставкадағы полиция полковнигі. Ол ішкі істер органдарында 35 жылға жуық жемісті еңбек етті. Құқық қорғау жүйесінде үлкен тәжірибе жинақтаған кәсіби маман. Қоғамның құқықтық сауаттылығын көтеруге, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз етуге үлесін қосып жүрген азамат. Ол Қазақстан Республикасының Президенті іс басқармасы жанындағы «Парламентаризм институты» мекемесінің Сот жүйесі және құқық қорғау органдары орталығының маманы болып еңбек етті.

## Атқарушы хатшы іске кірісті

## Билер алқасы сайланды

Өткен аптада Ленгір қаласы әкімі аппаратының мәжіліс залында қала әкімі М.Жұмабаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Абдукаимов, кеңес мүшелері, ауданның төбе биі М.Бекболатов, жергілікті қоғамдастық мүшелері, зиялы қауым өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары, әжелер алқасы мүшелерінің қатысуымен жиын өтті. Жиында Ленгір қаласының билер алқасын сайлау мәселесі қаралды.

Ардагерлер кеңесінің атынан қаланың оңтүстік бөлігіне ауданның Құрметті азаматы **АБДРАХМАНОВ Айтбек Қасымұлы**, солтүстік бөлігіне **ӘЛТЕЕВ Қанатбек Рысқұлбекұлы**, батыс бөлігіне **СӘУЛЕМБАЕВ Тағабай Сейдуалыұлының** кандидатурасы ұсынылды. Жиынға қатысқан барлық мүшелер бір ауыздан дауыс беріп, аталған ақсақалдар Ленгір қаласының билер алқасына сайланды. Жиын соңында Ленгір қаласының әкімі М.Жұмабаев және ауданның төбе биі М.Бекболатов сөз сөйлеп, ауданның Құрметті азаматы Сейітов Жамбыл ақсақал батасын беріп, билер алқасының алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

«Төлеби-ақпарат».



# Ардагер естеліктерінен

Бұл әңгімені Ұлы Жеңістің 60 жылдығында Ұлы Отан соғысының ардагері, Момынай ауылының тумасы Адасов Оңалтай атамиз тыл ардагерлері Қазыбеков Шот, Қошқарбаев Ергеш, Сүлейменов Жұмаділ, ардагер ұстаздар Спатаев Ағабек және Сыдықов Әскер ағайлармен болған кездесуде естіген едім. Сол әңгімені газет оқырмандарымен бөліскенді жөн көрдім. Оңалтай атам ол кезде әлі тың еді.



– Ағабек, мен саған бұл әңгімені айтқанмын, есімде шығар, – деп әңгімесін бастаған еді майдангер қария. – Сендер білесіңдер ме, мен соғыстың басынан аяғына дейін фашистерде тұтқында болдым. Біздің ауылдың жігіттері Отан алдындағы міндеттерін абыроймен, адал атқарып, ажалы жеткендер соғыс даласында қалды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген, аман-есен елге оралып, өсіп-өндік. Менің айтайын дегенім Омарбек Жұманов туралы мына бір оқиға еді. Омарбек аталарың соғыста барлаушы болған. Бір күні Омекең ешкімге айтпай, жаудың тылына өтіп, немістің бір генералын тұтқыңға түсіріп, алып келеді. Күн суық болса керек, әбден жаурап, шаршап, қалжыраған

солдатына тапсырады. Осы «ерлігі» үшін әлгі кезекші (дневальный) орыс жігіті Совет Одағының Батыры атағын алып, Омарбек аталарыңа Қызыл Жұлдыз ордені берілген екен... – деп бір күрсініп алып, әңгімесін әрі қарай жалғады. – Содан уақыт жылжып өтіп, соғыс біткен соң он-он бес жылдан соң, Мәскеуде шығатын «Красная звезда» деген газетте елді елең еткізген мынадай мақала жарияланды. Мақала авторының аты-жөні есімде жоқ, ол Омарбек аталарыңа берілуі тиіс Совет Одағының батыры атағын алған, штабта кезекші болып тұрған жауынгер екен. Мақаласының ең қызықты жері: «Мен бұл атаққа лайық емеспін, бұл атақ қазақстандық жауынгер-барлаушы Омарбек Жұмановқа тиесілі еді» дейді. Содан облыстың, ауданның әскери комиссариатынан Омарбек аталарыңды іздеп уәкілдер келіп: «Ата, сізді Москваға шақыртып жатыр. Сіз батырсыз, барлық шығынды мемлекет көтереді, өзіңізге лайық атағыңызды алып қайтайық» дегенде, Омарбек аталарыңның берген жауабы: «Басымды қатырмандар! Мен медаль үшін емес, ОТАН үшін, Сталин үшін соғыстым. Барыңдар, мазамды алмай!», – деген екен. Сәдуджан, міне, біздің елдің, ауылдың жігіттері қандай болған! – деп әңгімесін аяқтады.

Ауылдың қарияларынан, абыз ақсақалдарынан естіген әңгімелерімнің бірін Ұлы Жеңістің сексен жылдығы қарсаңында аудан тұрғындарымен бөліскенді жөн көрдім. Момынай ауылынан Ұлы Отан соғысына жүз жиырма азаматымыз қатысып, елу сегізі майдан даласында қалған екен. Әлі де қариялардан естіген

Омекең әлгі генералды штабтың алдына әкеліп, штабты күзетіп тұрған орыс

## Ұлы Жеңіске – 80 жыл



көпшілікке айтылатын әңгімем көп. Ұлы Жеңістің 80 жылдығында майдангер аталарымыздың естеліктерін жаңғыртып, оқырмандармен алдағы уақытта да бөлісе жатармын.

Соғыс қасіреті әрбір отбасыға өшпес жан жарасын салды. Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Осындай ержүрек, батыр ата-апаларымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі мен адалдығының арқасында бейбіт ғұмыр кешудеміз. Отансүйгіштік, патриотизм – қашанда қастер тұтатын, жас ұрпақтың бойына сыналап сіңіретін қасиеттердің бірі. Осы ұғым баршамыздың басты құндылығымыз болуы тиіс деген ойдамын.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды...

**С.ОШАЕВ,**

*Момынай жалпы білім беретін мектебінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі.*

## 2025 – Жұмысшы мамандықтар жылы

«...Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Адал және табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді...»

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауынан).

# Әке көрген оқ жонар...

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз өмірден көргендері мен ойға түйгендерін қысқа да нұсқа тұрақты сөз тіркестеріне айналдырып,

де бала болдық, жас болдық, отбасын құрдық, еңбекке араластық дегендей, күнделікті күйбең тірліктің жетегінде жүріп, зейнеткерлік жасқа жеткенімізді аңғармай қалыппыз.

Ауыл тұрғындарының еңбектеген баласынан еңкіш тартқан қартына дейін бірін-бірі танитынын, етене жақын болып келетінін білесіздер. Кеңестік дәуірдегі біздің бала кезімізде ауылдағы жанқиярлық еңбегімен табысқа жеткен қарапайым еңбек адамдары – механизаторлар мен шопандар, сауыншылар үлкен құрметке ие болатын. Әлі есімде «Путь Ильича» (қазіргі «Бірлік» өндірістік кооперативі) колхозының озат комбайншыларының бірі – Жолдас



Өшімов деген ағамыз болатын. Ол кісі жазғы мал азығын жасақтау мен бидай орағы науқанында комбайн жүргізсе, өзге уақытта шаруашылықта тракторымен тыным алмай еңбек ететін.

Жолдас ағамыздың ұлы Данияр да бала кезінен еңбексүйгіш болып өсті. Техникаға тым құмар болатын. Орта мектепті бітірген соң көп ойланбай-ақ механизатор мамандығын таңдады. Механизаторлық курсты бітіріп, 1981 жылдан бастап «Путь Ильича» колхозының егістік алқаптарында трактор жүргізіп

еңбек жолын бастады. Данияр еліміз егемендік алғаннан кейін ауыл шаруашылығы құрылымдары таратылып, жекешелендіру науқаны басталғаннан кейін де өзінің сүйікті мамандығынан қол үзбеді, «Бірлік» өндірістік кооперативінде еңбек жолын одан әрі жалғастырып, өзінен кейінгі жастарға үлгі-өнеге көрсетті. Жыл сайын күзгі және көктемде дала жұмыстарына белсене қатысып, мал азығын жасақтау, егін орағы науқандарында ғана комбайн жүргізді.

Өткен жылы «Бірлік» өндірістік кооперативі мүшелері жаңа комбайн сатып алып, үлкен қуанышқа кенелді. Өндірістік кооператив төрағасы Әбдінұр Шайнеков ініміз бүкіл ұжым мүшелері алдында бұл су жаңа комбайнды Данияр ағасына табыстап, еңбекте табыстарға жете беруіне тілектестік білдірді.

Данияр техниканың тілін өте жақсы біледі. Өндірістік кооперативтің машина ауласындағы ауыл шаруашылығы техникаларының жөндеу жұмыстарына үнемі белсене атсалысады. Өзінен кейін техника тізгінін ұстаған механизаторлардың бәріне тәлімгерлік жасап, еңбексүйгіштікке баулыды десек, мұнымыз артық айтқандық болмас еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында елге еңбегі сіңген қарапайым еңбек адамдарына қандай да болса құрмет көрсетуге болатынын ерекше атап өтті. Мұндай құрметке Данияр бауырымыз сияқты қарапайым еңбек адамдарын әбден лайықты деп ойлаймын.

Данияр Жолдасұлы зайыбы Нұрзия екеуі бес перзент тәрбиелеп өсіріп, балаларына өнегелі тәлім-тәрбие беріп ұясынан ұшырды, бәрі де еңбексүйгіш болып ержетіп, тек алға қарай талпынып, өмірден өз орындарын тапты. Бүгінде Данияр Өшімов құдай қосқан жары Нұрзия екеуі немерелерінің қызығына кенеліп, бақытқа бөленіп отыр.

**Сұлтан ҚОНЫСБАЕВ,**  
**«Бірлік» өндірістік кооперативі.**


Тасарық ауылы.

# Төлебидегі дүбірлі көкпар

Екпінді ауылында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай дүбірлі көкпар ойыны өтті.

Ұлттық спорт додасына Шардара ауданының тумасы, ұлттық спорттың жанашыры, жеке кәсіпкер Виктор Деревянко ұйытқы болып, демеушілік етті. Жарыстың жалпы жүлде қоры 4,5 млн теңгені құрады.

Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-нің қолдауымен ұйымдастырылған іс-шараға еліміздің бірқатар өңірлері мен Германия, Ресей, Қытайдан келген қонақтар, сондай-ақ облыстың барлық аудан, қалаларынан атбегілер



мен шабандоздар және ардагер спортшылар, ауыл ақсақалдары, БАҚ өкілдері, жергілікті тұрғындар қатысты. Көкпардың басты ұйымдастырушысы Виктор Борисович өз сөзінде еліміздің тұтастығы мен бірлігін, татулығы мен тыныштығын өзіміздің күн сайынғы қажырлы еңбегімізбен қолдап, қорғап нығайта беру әрбір қазақстандықтың азаматтық міндеті екенін атап өтті.

Спорт сайысының қорытындысында тақымын қысып, көксеркені көтере білген үздік шабандоздар қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Келестік Ғалымжан Мырзабаев пен қазығұрттық Бәйдібек Сабыров үздік шығып, оларға 500 мың теңгенің жүлде табыс етілді. Басқа да шабандоздарға қомақты сыйлықтар берілді.

Білектілер мен жүректілердің басын қосқан дүбірлі дода соңында аузы дуалы қариялар жастарға бата беріп, елдің азаматы болуға шақырды, сондай-ақ еліміздің ырыс-несібесі молайып, халқымыздың береке-бірлігі арта берсін деген ізгі тілектерін жеткізді.

Көкпарда ас беріліп, киіз үйлер тігіліп, патриоттық әндер шырқалды.

**«Төлеби-ақпарат».**





Бекайдар Тойлыбаев, аудандық білім бөлімінің басшысы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик:

## «Елімізді білімді ұрпақ өркендетеді»

Б.Тойлыбаевтың аудандық білім бөлімінің тізгінін ұстағанына 1,5 жылдай уақыт өтіпті. Осы аралықта аудандағы білім беру саласында қандай жұмыстар атқарылғанын білу үшін бірқатар сұрақтарға жауап алдық.

– Бекайдар Адамбекұлы, ауданда жалпыға міндетті білім беру үшін қандай жұмыстар атқарылуда?

– Бұл қызметке кіріскенде, жұмысты ең алдымен мектеп директорларының кеңесін құрудан бастадық. Ондағы мақсат мектеп басшыларының функциялық қызметін айқындайтын еліміздің білім беру саласындағы заңнамаларын жеткілікті білуіне, құқықтық сауаттылығын арттыруға, білім нормаларын дұрыс сақтауға назарын аудару. Мектеп директоры мемлекеттік заңдылықты білмей, еліміздегі білім беру саласына қойылып отырған талап-тілектерін жүзеге асыра алмайды. Директорлар кеңесінде сонымен бірге жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмысы, мектептегі асхана мәселесі, оқушылардың дұрыс тамақтануы, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, жазғы демалысы т.б. мәселелер қаралып отырады.

Мен келгенге дейін мектепке, мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне мұғалім, тәрбиешілерді қабылдауда оралымсыздықтарға жол беріліпті. Сондықтан арыз-шағым, наразылықтар көбейіпті. Мұндай жағдайға жол бермеу үшін аудандық білім бөлімінен арнайы сайт аштық. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарынан 307 бос және уақытша орындарға 284 үміткер құжат тапсырып, 195-і конкурс жеңімпазы деп танылып, жұмысқа орналасты. Барлық конкурстар білім бөлімінің және білім беру ұйымдарының әлеуметтік парақшаларында жарияланып отырды. Қалғандарына үміткер болмай, конкурс өтпеді деп жарияланды.

1-11-сыныптарда 29377 оқушы білім алуда. I тоқсанда білім сапасы 52,8%, II тоқсанда 57%-ға көтеріліп, білім сапасы 4,2%-ға өсті.

Ауданда ерекше білім беруді қажет ететін 0-18 жас аралығында 955 бала бар. Инклюзивті біліммен 375 бала қамтылған. Денсаулығына байланысты үйде білім алатын бала саны – 278. Басқа балалар арнайы, жалпы білім беретін мектептерде білім алады.

Өткен оқу жылында 11-сыныпты 1690 түлек бітірді. 2023-2024 оқу жылы 64 оқушы «Алтын белгі» иеленді. 2024-2025 оқу жылында «Алтын белгіге» үміткерлердің саны – 106. Ұлттық бірыңғай тестті 1285 оқушы тапсырды. Ол 87,7%. 628 түлек жоғары оқу орнына мемлекеттік грантпен оқуға түсті. Ол 42,3%-ды құрайды.

– Білім беру ұйымдарының материалдық жағынан жасақталуы жайлы әңгімелей кетсеңіз. Ауданда 3 ауысыммен оқытатын мектеп бар ма? Бар болса, қандай іс-шаралар жасалуда?

– Ауданда 3 ауысымдық мектеп жоқ. Алайда болашақта ауысып кету қаупі бар. Өйткені бала саны жылдан жылға көбейіп келеді. №1 мектеп-гимназия, №3 және М.Х.Дулати атындағы жалпы білім беретін мектептерде бала саны көп. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша Достық аулында 900 орындық, Көксәйек аулында 600 орындық, Қосағаш



аулында 300 орындық жайлы мектеп құрылысы жүргізілуде. Бұл мектептер жаңа оқу жылында пайдалануға беріледі. №1, №3 мектеп оқушыларының біразы Достық аулындағы жаңа салынып жатқан жайлы мектепте оқитын болады. Ал Жеңіс, М.Х.Дулати атындағы жалпы білім беретін мектептерінің біраз оқушылары Көксәйек аулындағы жайлы мектепке ауысып оқиды.

Аудандағы 69 мектептің 61-і типтік, 6-уы ыңғайластырылған, 2-уі саманды мектеп. Кемеңгер ауылдық округіндегі Қаратөбе негізгі мектебінің 200 орындық қосымша ғимаратының құрылысы жеке инвестордың есебінен биылғы жылы басталады.

Мектеп ғимараты ыңғайластырылған



білім ұйымдарымен төмендегідей жұмыстар жүргізілуде. Біркелік негізгі мектебінің өз алдына ғимараты жоқ болуына байланысты аудан әкімшілігі 1,79 га жер бөлді. Оның тиісті құжаттары бүгінде рәсімделді. Жер телімі шешімін тапқан соң, енді мектеп құрылысының техникалық құжаттары әзірленуде.

Абай шағын жинақты жалпы білім беретін мектебіне қосымша оқу блогы, спортзал, акт зал, әкімшілік ғимараты, оқу шеберханасын салу жұмыстары жүргізілуде. №17 бастауыш мектебін Достық елді мекенінде ашылатын жайлы мектепке біріктіру жоспарлануда.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде 150 орындық мектеп ғимаратының құрылысы жұмыстары басталды.

Алдағы уақытта бала санының өсуіне байланысты бірқатар елді мекендерде жаңа мектептер және қосымша ғимараттар салу үшін жұмыстар жүргізілуде.

– Сіз бұл қызметке келгелі бері педагогтердің біліктілігін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс істеуіне ерекше көңіл бөліп келесіз. Бұл тарапта мұның нәтижесі көрініп жатыр ма?

– Иә, мұғалім білікті болмай, өз мандығы бойынша күнделікті ізденбей, білім саласындағы заманауи жетістіктермен қаруланып отырмаса, тоқырауға ұшырайды. Педагогтер арасында «Қырық

жыл мұғалім болсаң да, қырық бес минут сабаққа дайындал» деген қанатты сөз бар. Атақты орыс педагогі К.Д.Ушинский «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі жоғалады» деген екен.

Ұстаздардың білім көтеруіне, шығармашылықпен жұмыс істеуіне айрықша мән беремін. Өткен жылы 494 педагог біліктілік курстарынан, 62 мектеп директоры көшбасшылық менеджменті курсынан өтті.

Мұғалімдермен тұрақты семинар, ашық сабақтар, тәжірибе алмасулар, ғылыми конференция өткізіліп тұрады. Онда мұғалімдер өз тәжірибелерін ортаға салады. Бір-бірінен үйренеді. Конференцияда баяндама жасап, өзінің ғылыми ізденісін дәлелдейді. Мұның бәрі сайып келгенде, мұғалімнің ғылыми ізденісіне, оқушылардың терең білім алуына жол ашады. Оқушыларды ғылыми жобаларға, байқауларға, конкурстарға, пәндік олимпиадаларға дайындайды. Шәкірті білім жарысында озып, жүлделі орынға ие болғанда, мұғалім еңбегінің қаншалықты ақталғанын көруге болады.

2024-2025 оқу жылында облыстық оқушылардың пәндік олимпиадасында 16 оқушы, республикалық кезеңде 2 оқушы жүлделі орын алды. Облыстық ғылыми жоба жарысында 37 оқушы, республикалық кезеңде 7 оқушы жүлделі орындарды иеленді. Оқушылардың облыстық көркемсөз оқу байқауларында 47 оқушы

цифрландыруға, яғни «Фаворит», ал балабақшаларда «Сана» деген жүйеге енгізілді. Сондай-ақ әр мектептің асханасына «АПК» аппараты қойылып, күніне тамақ ішуге қанша бала кіріп, қанша бала тамақ ішіп шыққанын бақылайды. Соған байланысты балалардың тамақ ішкені есептеліп, қаржы босатылады. Мұндай қондырғы облыс бойынша біздің ауданда ғана алғаш рет қолға алынды.

Аудан мектептері толық интернетпен қамтылған. Интернет жылдамдығы төмен 20 мектепке қосымша «Старлинг» спутниктік байланыс жүйесі орнатылды. Соның нәтижесінде интернет жылдамдығы 8-10 мб/с-тан 60-80 мб/с-қа дейін жоғарылады.

Биыл білім саласындағы заңнамаға мектептерде сабақ барысында смартфонды қолдануға шектеу қою туралы өзгеріс енгізілді. Бұл балалар мен жасөспірімдердің ақыл-ойының жетілу үдерісі толық аяқталмай тұрған кезге дейін әлеуметтік желілер мен интернет әсерінен қорғауды мақсат етеді. Алдағы кезде бұл заңнаманы басшылыққа алып, ата-анамен бірлесе жұмыс жасаймыз.

– Алыс, шалғай ауылдарда тұратын балаларды тасымалдау мәселесі шешілген бе? Және балалардың қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде істеп жатқан жұмыстарыңыз туралы білсек.

– 17 елді мекенде тұратын 2149 бала, оның ішінде мектебі жоқ 4 елді мекеннен 310 бала тасымалданады. Өткен жылы облыс әкімі балаларды тасымалдауға 10 автобус бөлді. Қалған балалар қалалық автобус паркінен келісімшарт жасау

жүлделі орынды иеленді.

Ауыл олимпиадасында және жалпы пәндер олимпиадасының республикалық кезеңінде оқушысы үздік көрсеткішке жеткені үшін Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі республикалық пәндік олимпиада қорытындысы бойынша республикадағы «100 үздік мектеп» қатарына енді.

Білім сапасын көтеруде облыстық білім басқармасының жобасына ауданнан 16 мектеп қатысуда. Жобаның мақсаты білім сапасын ғылыми тұжырымдама негізінде қамтамасыз ету және мектептің ішкі әлеуетін тиімді пайдалану. Мектептер Абай атындағы ҰПУ-нің зерттеуші-профессоры, академик Асқарбек Құсайыновпен бірлесе жұмыс істеуде. «Табысты нәтиже – тиімді тәжірибе» Lesson Study зерттеу жұмысына №4 Қ.Сәтбаев, Т.Назарбеков атындағы мектептер еніп, сабақтың сапасын зерттеуге бағытталған жұмыстар жүргізуде.

– Мемлекет басшысының цифрландыру технологиясы мен жасанды интеллектіні мектептерге енгізу туралы бағдарламасы қаншалықты орындалуда?

– Білім беру ұйымдарына қаржы бөлу, мұғалімдердің, тәрбиешілердің жалақысын есептеу жұмыстары түгелімен

арқылы тасымалдануда.

Балалардың қауіпсіздігін сақтау үшін 69 білім беру ұйымы бейнебақылау камераларымен қамтамасыз етілді. 2024-2025 оқу жылында қосымша 52 мектепке бейнебақылау орнатылды. 50 білім ұйымына дабыл бастырмалары орнатылып, полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылды. 17 білім беру ұйымы қоршаумен қамтамасыз етілді. 700-ден асатын оқушысы бар мектепке турникет орнатылды.

– Жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде мәлімет бере кетсеңіз.

– 66 мектептен 1-4-сыныптағы 10539 бала (оның ішінде әлеуметтік осал санаттағы 1068 бала) бірреттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Жетім, жартылай жетім және аз қамтылған отбасыдан шыққан 1599 баланы киіммен қамтамасыз ету үшін 69407800 теңге, демалыспен қамтуға 94464600 теңге қаражат бөлінді.

Асханасы жоқ 6 мектептің оқушылары ыстық тамақпен және көлік тасымалымен қамтамасыз етіледі.

– Шәкірттерді тәрбиелеудегі жұмыстарыңызға тоқталып өтсеңіз.

– Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тәрбие-

лік іс-шаралар жүргізіледі. Бұл бағдарлама өскелең ұрпақтың бойына адами құндылықтарды, жауапкершілік пен еңбекке құрметті қалыптастыруға негізделген.

Мектепшілік және аудандық полиция бөліміне есепке алынған оқушылармен алгоритмге сәйкес арнайы және тәлімгер ұстаз тағайындалған. Педагог-психологтер түзету, дамыту бағытында жұмыс жүргізеді. Ондай балалар іс-шараларға, спорт секцияларына және қызығушылығына қарай үйірмелерге тартылады.

KiVa бағдарламасы бойынша №7 мектеп-лицейде пилоттық жоба басталды. Мақсаты жасөспірім балалар арасындағы буллингті алдын алуға бағытталған.

«Саналы жастар» жобасы мектеп оқушыларын ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағытталған. Жоба 2022-2023 оқу жылында Майбұлақ жалпы білім беретін мектебінде басталып, облыс деңгейінде зерттеліп, быылғы оқу жылында барлық мектептерге енгізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша аудандық білім беру бөлімі жанынан ардагерлер кеңесі құрылып, ұлттық тәрбие беру жөнінде бірлесе жұмыс жасайды.

«Даналық мектебі» аясында ата-аналар педагогикалық қолдау орталығы, «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» ауданның барлық мектептерінде тұрақты жұмыс істейді.

Олар мектептерде болып, оқушыларға ұлттық тәрбие туралы әңгіме өткізеді. Ұл тәрбиесіне, қыз тәрбиесіне көңіл бөлінеді. Адалдықтың, тәлім-тәрбиенің бастауы қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетінде жатқанын түсіндіреді. Қазақтың даналығын үйретуге көңіл бөледі. Осындай жұмыстар нәтижесінде жасөспірімдер арасында қылмыс азайып келеді. Бір ғана оқушы есепте тұрады. Әйткенмен балалар арасында жол апаты көбеюде. Ата-аналары балаларына мотоцикл, мопед әперіп, жеңіл мәшине айдауға рұқсат береді. Соның салдарынан өткен жылы оқушылар арасында 5 жол апаты орын алды. Әрине бұған кінәлі ата-аналары. Олармен де бірлесіп жұмыс жүргізудеміз. Мектеп формасы туралы талапты 2 мектепте 8 оқушы орындамады. Тиісті мекемелермен бірлесіп, олардың ата-аналарымен жұмыс жүргізу нәтижесінде 6 оқушыға қысқарды.

– Өзіңіз туралы, ғылыми еңбегіңіз туралы оқырмандарға қысқаша айтып берсеңіз.

– Осы ауданның Ақайдар аулының тумасымын. Ленгір қаласындағы №2 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепті бітірдім. Шымкент педагогикалық институтында дене шынықтыру мамандығы бойынша білім алдым. Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеттің аспирантурасында оқып, сонда «Бастауыш мектеп оқушыларының дене тәрбиесі сабағында халықтық педагогика элементтерін пайдалану» тақырыбында 1997 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғадым. Біраз жыл Ішкі істер органында қызмет істедім. 2004 жылы аталған университеттің докторантурасына іздәнуші болып қабылданып, «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарында тыңдаушыларды өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық негіздері» тақырыбын осы университеттің ғылыми Кеңесінде педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғадым. Полковник дәрежесінде запасқа шығарылдым. Ғылыми жұмысым білім саласына қатысты болғандықтан, білімім мен қайрат-қажырымды туған ауданымдағы білім саласын дамытуға арнағым келді.

Әңгімелескен  
К.ЕЛІКБАЕВ.

## Артериялық гипертензия

Артериялық гипертензия (жоғары қан қысымы) – қан қысымының 140/90 мм сын.бағ. және одан жоғары көрсеткіште тұрақты түрде жоғары болуы. Бұл – қазіргі кезде әлемде ең көп таралған аурулардың бірі, ол ұзақ уақыт бойы емделмесе жүректің ишемиялық ауруы (стенокардия), жүрек және бүйрек жеткіліксіздігі және олардың асқынулары (инсульт, миокард инфарктісі) сияқты қан айналымы жүйесі ауруларының дамуына әкеледі. Сұлтанрабат дәрігерлік амбулаториясында 6000 адам тіркелген, оның ішінде артериялық гипертензиямен 500-ге жуық науқас, біздің учаскеде 127 адам есепте тұрады.

Артериялық гипертензияның негізгі себептері:

- тұқым қуалаушылық;
  - артық салмақ, қозғалыссыз өмір салты;
  - тұзды көп қолдану;
  - шылым шегу, алкоголь;
  - стресс, жүкке шаршауы.
- Белгілері:
- бас ауруы, өсіресе самай тұсында;
  - бас айналу, жүрек айнуы;
  - тез шаршағыштық;
  - жүрек соғысының жиілеуі.
- Асқынулары:
- инсульт;
  - жүрек жеткіліксіздігі;
  - ми қан айналымының бұзылуы;
  - бүйрек зақымдануы.
- Алдын алу жолдары:
- дұрыс тамақтану (тұзды азайту,

көкөніс-жемістер тұтыну);

- қозғалыс, дене белсенділігі;
  - зиянды әдеттерден бас тарту;
  - стрессті басқару;
  - қан қысымын үнемі бақылап тұру.
- Гипертензияға қарсы (дәрілік) терапия – жүрек-қантамырлары асқынуларының даму қаупін азайтуға көмектесетін қан қысымының деңгейін төмендетуге және тұрақтандыруға бағытталған белгілі бір препараттар кешенін қабылдау. Дәрігердің барлық ұсыныстарын қатаң сақтаңыз. Қан қысымының тұрақталуына қарамастан, дәрі-дәрмек қабылдауды тоқтатпаңыз, өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізіңіз және өз дәрігеріңізбен байқаған өзгерістерді талқылап отырыңыз.

Б.МАМАЕВА,  
Сұлтанрабат дәрігерлік  
амбулаториясының медбикесі.

## Судебная видеофонографическая экспертиза

Судебная фонографическая экспертиза – род судебной экспертизы, которая проводится в целях установления личности говорящего по голосу и речи, аутентичности фонограмм, диагностики и идентификации записывающих устройств, а также иных фактов, имеющих значение доказательств в судопроизводстве.

Уже из списка решаемых по звуковым и речевым следам задач ясно, что здесь требуются специальные знания из самых разных отраслей науки и техники. А потому понятно, что эта экспертиза не могла возникнуть раньше, чем был изобретен способ записи звука на материальный носитель, созданы и введены в широкое потребление приборы звукозаписи и звуковоспроизведения, создан надежный научный фундамент, разработан специальный инструментарий для визуализации звука, сформированы правовые основы использования звуковых следов в качестве вещественных доказательств, внедрены в практическую деятельность экспертов необходимые методики.

Поэтому вполне объяснимо увеличение как количества, так и областей применения различных технических средств (бытовых и специальных) фиксации и документирования речевой информации. Записанная звуковая информация может служить средством к обнаружению преступлений, установлению фактических обстоятельств дела, выявлению виновных либо к опровержению обвинения или смягчению ответственности, т.е. может являться фоновым документом и/или вещественным доказательством по уголовному, гражданскому делу. Нередко при расследовании уголовных дел, возбужденных по фактам вымогательства, приготовления к преступлению, взяточничества, захвата заложников, предупреждений о готовящихся террористических актах, мошенничества и т.п., фонограмма становится одним из наиболее убедительных судебных доказательств.

При необходимости добиться истины без обращения в правоохранительные органы и суд или же по личным мотивам (запись супружеской измены, ругань между соседями, клевета, оскорбления, не возврат долга и др.) возможно назначить фонографическую экспертизу на платной основе. Достаточно обратиться в ИСЭ по г.Шымкент с заявлением на проведение фонографического исследования, т.е. определение дословного содержания текстов, определение наличия/отсутствия монтажа, предоставив на исследование запись и минимум необходимых документов.

Процедура исследования предусматривает: составление договора, оплату и предоставление записи. Исследование на платной основе по обращениям физических и юридических лиц, может производиться в объеме представленных материалов.

ЕРАЛИЕВ Данияр Курмангалиулы,  
ведущий эксперт.

г. Шымкент.

Өткен аптада аудандық мәдениет үйі және №1 қалалық кітапхана ұжымы жылдық жоспарға сәйкес «Діни экстремизмге жол жоқ!» тақырыбында дөңгелек стол ұйымдастырды. Іс-шараға №2 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушылары, аудандық мәдениет үйінің үйірме жетекшілері қатысты.

## Дөңгелек стол басында

Тақырып аясында кітаптар көрмесі қойылды.

Дөңгелек столда мәдениет үйінің бас маманы Ж.Байтуова, №2 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектептің мұғалімі А.Қойшыбаева мәдениет мекемесі, мектеп әкімшілігі, кітапхана ұжымы үнемі



тығыз байланыста жұмыс жасайтындықтан, барлық оқушы сабақтан тыс уақытта үйірме жұмыстарымен шұғылдана, бос уақыттарын тиімді пайдаланып, жетістіктерге жететіні туралы пікірлерін айтты. Діни экстремизмнің белгілері туралы ақпарат беріп, оқушылардың жат діни ағымдар туралы түсініктерін кеңейту мақсатында ағарту жұмыстарын жүргізді.

Дөңгелек стол басындағы әңгімелесу барысында оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, олардың дәстүр-салтымыздан, бабалардан қалған ұлағатты өсиет сөздерден ғибрат алуы көзделді.

«Төлеби-ақпарат».

### Мұралық іс ашылды

2021 жылғы мамыр айының 18-і күні қайтыс болған азамат Сатыбалдиев Омирани Жолдыбайулының қалған мүлкіне нотариус Сарыбасова Сара Сапарбековна мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Барлық мұрагерлерге төмендегі мекенжай бойынша хабарласуын өтінеді:

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы, Төлеби көшесі, 217, телефоны: 8 778 505 82 54.

\*\*\*

2024 жылғы маусым айының 6-ы күні қайтыс болған азамат Бекембаев Аширбектің қалған мүлкіне нотариус Г.Т.Ахметова мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Барлық мұрагерлерге төмендегі мекенжай бойынша хабарласуын өтінеді:

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы, Төлеби көшесі 231-1, телефоны: 8 775 059 09 86.

### Жарамсыз деп табылсын

Оразкулова Қулимхан Баймаханқызына ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 тамыздағы №305 Жарлығы негізінде берілген №337913 «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

\*\*\*

«Қуаныш Нұры»-ЖШС-ның меншігіндегі «Nefas 8560» маркалы автокөліктің тіркемесінің 9612ХА мемлекеттік тіркеу номері (артқы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

\*\*\*

Өңгірата жалпы білім беретін мектебіне тиесілі дөңгелек мөр жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

\*\*\*

Бондерева Наталья Анатольевнаың меншігіндегі «Granta» маркалы автокөліктің 685ART17 мемлекеттік тіркеу номері (алдыңғы, артқы) және техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

## Құрметті қайырымды!

Ленгір қаласының тұрғыны, қымбатты әріптесіміз, №2 арнайы мектеп-интернаттың тәрбиешісі ҚАСПАНО-ВА Сұлухан Нұрмаханқызы 61 жасқа толып, зейнет жасына жетіп отыр. Екі қыз, бір ұлдың аяулы анасы, 9 немеренің мейірімді әжесі болып, отбасының береке-бірлігін тасытқан ардақты әріптесіміз шәкірттер мен ұжымдастары арасында да сый-құрметке ие.

Қуаныш иесіне мықты денсаулық, қажымас қайрат, көл-көсір табыс, асқақ абырой, мол бақыт тілейміз! Ыстық ықылас, жүректарды лебізімізді білдіре отырып, мына жыр шумақтарын арнаймыз:

Үзілмесін ізгі ұрпақтың жыр-өні,  
Бақытты өмір сарқылмасын бұлағы.  
Еткен еңбек тек зейнетін көріңіз,  
Келер күннің сәулелі боп шуағы.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,  
Жалғанда тілек бар ма одан асқан?  
Аман боп отбасыңыз, ұрпағыңыз,  
Ақ таңдар алға ассын нұрын шашқан!

Ізгі тілекпен, №2 арнайы мектеп-интернаттың ұжымы.



## Пәтерлер қайтарылуда

«Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына сәйкес, кезекте тұрған азаматтарға берілген пәтерлердің заңсыз жалға берілуін тоқтату, Төлеби ауданында мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған пәтерлерді заңсыз жалға беру фактілерін анықтау мақсатында тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұловтың жетекшілігімен, сала мамандары және аудандық полиция бөлімінің учаскелік қызметкерлері бірлесіп, бірінші мөлтек аудандағы көпқабатты тұрғын үйлерде рейдтік іс-шара ұйымдастырды.

Тексеру барысында пәтерлерді заңсыз жалға берушілер анықталды. Арнайы топ пәтер иелері мен жалға алушылардың құжаттарын тексеріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жыл басынан бері көпқабатты үйлердегі пәтер иелеріне заңсыз әрекеттердің салдары туралы хабарламалар жіберілді. Нәтижесінде 5 пәтер иесі өз еркімен пәтерлерін қайтарып берсе, 8 азамат сот шешімімен арендалық пәтерлерден шығарылды.

Заңсыз жалға беру фактілері бойынша актілер толтырылып, заң бұзушыларды жауапкершілікке тарту шаралары қолға алынды.

«Төлеби-ақпарат».



## • Оқырман ой қозғайды

Құрметті оқырман қауым! Қазақ елінің басшысы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел игілігіне арнаған Жолдауында ұлы қазақ елі қазақтың қалпын, адамдық болмысын, дәстүр-салтын, ұлттық құндылығын сақтап, келешек жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөлуді, жастарды адалдыққа, еңбексүйгіштікке, білімге талпынуға тәрбиелеуді тапсырып отыр. Бабаларымыздың неше заманнан бергі өсиеті, кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани құнды бай мұрасы «Діл – қасиет, дәстүріміз – қазына, дініміз – діңгек, тіліміз – тірек» екенін айнымас, сүрінбес қасқа жолдай көрсетіп кеткен. Сол үшін қазақ халқы ұрпағын жанашырлық, бауырмалдық, қонақжайлық, ұят пен ар-намыс, шыдамдылық сынды қасиеттерге баулып, шаруақор болуды сөзге шешен, тауып сөйлейтін, үлкен өмір көрген, тәжірибесі бар адамдардан ақыл-кеңес алып, тазалық-әділдікті ту еткен Төле бабамыз, Абай атамыздың ойлы да тәрбиелік сөздерінен қуат алып, тәрбие берген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тәрбие бастауы кітапта екенін айтып, «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» дегенді басшылыққа қойып, кітапхана ісіне көп көңіл бөлуді де тәрбие саласына енгізіп отыр.

Байқауымша, осы салада біраз серпіліс болған сияқты. Дегенмен, жеткіншектерді кітап оқуға баулуда

## Жас ұрпақ тәрбиесі – баршаға ортақ

үлкендер мен зиялы қауым өкілдері бастамашы болуы керек деген ойдамын.

Әңгіме арқауы ұлттық тәрбие болғандықтан, жас ұрпақ тәрбиені бірінші мектептен және өз отбасынан бойына сіңіретінін айта кетейін. Қазір бәрі телефонға тәуелді болып қалған. Біздер, аға ұрпақ, білімге құштар болдық және де айналамыздың бәрі – үлкен ата-әже, өке-аналардан бастап, ауыл-аймақ, ағайын-туыс, жекжат-жұраттың бір-біріне деген мейірімі, етене жақын қарым-қатынасы тәрбие мектебіндей еді. Үлкенді сыйлау, бір-біріне қамқор, жанашыр болу, барымен бөлісу сол кездегі тәрбиенің қайнар көзі болды дер едім. Ол кезде соғыс ауыртпашылығы өлі де жойыла қоймаған, жан жарасы жазылмаған уақыт еді.

Біз бір үйде 2 қыз, 2 ұл өстік. Үлкеніміз 11 жасар, үйдің кішісі 1 жасар кезде өкеміз қайтыс болды. Сол кездегі колхоз бастығы Өрісбай көкеміз жанашырлық танытып, анамыз Сәулеге «Жеңгей, сіз балабақша болып, үйіңізге балалы әйелдердің баласын бағыңыз, қыздарыңыз қолғанат болады әрі үй шаруашылығына қарайсыз», – деп 7-8 баланы үйде қарап, ол кезде көп үйдің сауыны да жоқ, бір-екі ешкі, қой сауады, содан бір пиала сүт, бір үзім нан өкеледі балдары үшін. Сонда менің анам үйде сиыр, қой

бар, ұным да жетеді деп ешқайсысыңыз ешнәрсе әкелмеңіздер, өзім тамақтандырамын деп әкелдірмейтін. Соның есесіне біздің үйде тезек шөпектеу, қи ою, пішен-шөп шабу, дән бастыру сияқты жұмыстарды көпшілік асарлатып, аға-жеңгелер шақырусыз-ақ келіп, тап-тұйнақтай етіп істеп кететін. Қайран, сол үлкендердің бауырмалдығы, татулығын айтыңыз! Сол тәрбиені біздер бойға сіңіріп өстік.

Қазір бәрі де жеткілікті, бірақ адамдарда мейірім жоқ, бәрі де дүние-байлықты ойлап, ұлттық рухымыз жұтаң болып кеткендей. Қазақтың ұлттық тәрбиесі, қасиет-өсиеті туралы ойларын көпшілікке баспасөз бетінде жариялап, ұсынып жүрген жерлестеріміз К.Елікбаев, О.Сүттібай, Парламенттен Қ.Балаби, Д.Мыңбай, Ұ.Сәдібеков, облыстан Қ.Жантөреева сияқты ел жанашырларының еңбегі құрметке лайық. Осындай зиялы қауым жазған мақалаларды жас ұрпаққа тәрбие құралы ретінде қолдану, саналарына жеткізу ұстаздар мен ата-аналардың міндеті деп ойлаймын.

К.РАЙЫМҚҰЛОВА,  
кітапхана саласының  
ардагері, зейнеткер.

Бейнеткеш ауылы.

## Медициналық нысандар ашылды

Ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту мақсатында екі елді мекен медициналық нысандар есігін айқара ашты. Атап айтқанда, Аққұм ауылында дәрігерлік амбулатория және Кеңесарық елді мекенінде фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының ашылу салтанаты өтті. Бұл – ауыл халқы үшін қуанышты жаңалық, медициналық көмекке қолжетімділікті арттыратын маңызды оқиға болды.

Жаңа медициналық мекемелер заманауи құрал-жабдықтармен, қондырғылармен қамтамасыз етілген. Мұнда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуге барлық жағдай жасалған.

Ауыл тұрғындары бұрын Көксәйекке, Ленгірге барып алатын кейбір медициналық қызметтерді енді өз ауылынан алуға мүмкіндік алды. Бұл – уақыт пен қаржы үнемдеудің тиімді жолы әрі ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты қадам. Енді халық денсаулығын жүйелі түрде бақылап, аурудың алдын алу шараларын уақтылы жүргізуге мүмкіндік мол.

Жаңа нысандар ауылдың әлеуметтік-экономикалық



дамуына да оң әсерін тигізеді. Ең бастысы тұрғындарға сапалы медициналық көмекті өз елді мекенінде алуға

мүмкіндік туды.

Аудан басшысы Еркеғали Әлімқұлов медициналық мекемелердің ашылу салтанатына қатысып, тұрғындарды құттықтады.

«Төлеби-ақпарат».



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖШС ДИРЕКТОРЫ –  
БАС РЕДАКТОР  
РАХМАНҚҰЛОВ  
Әбдімәлік  
Түймебекұлы  
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары  
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)  
8-706-413-11-56.  
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА  
(әлеумет, бұқарамен байланыс)  
6-23-23, 8-702-494-81-71  
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА  
8-705-887-51-61.  
Дизайнер Нұргүл Мамытханова  
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші  
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.  
Баспаханың мекенжайы:  
Шымкент қаласы,  
Тәшенов көшесі, №24 үй.  
Газетке жазылу индексі 66744  
Таралымы 3024 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты өкендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г күәлігі берілген.